

## БӨЛІМ: АШЫҚ САБАҚТАР

## Менің отбасым.

ЖАРИЯЛАНДЫ  
11.01.2020СІЛТЕМЕ  
https://bilimger.kz/66537/

Абилдаева Тынышкуль Нұржанқызы

№66 «Толағай» балабақшасы, I санатты тәрбиеші

## ҰОҚ құрылымы

Күні:15.11.2019 жыл

Білім беру саласы: Әлеумет, қатынас, шығармашылық.

Бөлімі:Сөйлеуді дамыту, музыка, сурет салу.

Тақырыбы:Менің отбасым.

**Мақсаты:** балалар отбасы мүшелерін атайды, оларға қамқорлық жасауды біледі, суреттерді топтастыра алады, тақпақтарды жатқа айтады, отбасы туралы әңгімелей алады, суретті салады.

**Билингвалды компонент:** отбасы- семья- family

**Ресурстар: (материалдар, жабдықтар):** отбасылық суреттерден коллаж, дидактикалық ойындардың құралдары, ватман, маркер, көрнекіліктер.

ҰОҚ барысы:

I кезең: ұйымдастырушылық-қозғаушылық

Шаттық шеңбері: (музыка әуенімен) Релаксация

- Біз қай тәулікте балабақшаға келеміз?
- Біз кешке қайда барамыз?
- Бізді үйде кім күтіп отыр?

Балалардың жауаптары.

Ендеше ата- аналарымызға жүрегіміздегі жылы лебіздерімізді арнайық:

А- дегенім анам,

Көңіліңді табам.

Ұзақ өмір Алладан,

Мен тілеймін саған!

Ә- дегенім әкем,

Сені мақтан етем.

Сеніміңді ақтап,

Арманыма жетем!

## II кезең: ұйымдастырушылық-ізденістік

- Балалар, бізге қонаққа құыршақ келді. Ол сендердің білімдеріңді, тапқырлықтарыңды көріп, сендермен дос болғысы келеді. Қонағымыз сендердің топта қалай жұмыс жасайтындарыңды көргісі келеді. Қонағымыз сендердің отбасыларың туралы, фотоколлаждағы суреттер арқылы білгісі келеді.
- Ендеше, суреттер арқылы 2 топқа бөлінейік. «Қояндар» тобы, «Көліктер» тобы

1 тапсырма: — **Құрылымдаған ойын:** «Суретте кім не істеп жатқанын түсіндіру»

**Шарты:** Әр топқа 3 суреттен беріледі, сурет бойынша сөйлем құрастыру.

2 тапсырма: — **Дидактикалық ойын:** «Үйде кім тұрады?» **Мақсаты:** үйге отбасы мүшелерін жайғастыра алады.

3 тапсырма: — **Еркін ойын:** «Күннің шуақтары». **Шарты:** отбасыларына тілек айтып, күннің шуағын бояу.

### **Сергіту сәті.**

Балалар фотоколлаждағы суреттерді әңгімелейді.

- Балалар, кім отбасы туралы тақпақтарды айтады?

Отбасым менің бақытым,

Отбасым менің шаттығым.

Отбасым барда ешқашан,

Үзілмес менің үмітім.

Отбасы жылы ұямыз,

Тірегі ата- анамыз.

Еркелеп, ойнап, еліктеп,

Осында адам боламыз.

Ең жақын адамдар,

Әжем мен атам бар.

Сендергі жақсы көремін,

Арқашан сыйлап өтемін.

Атамнан басталар,

Әжемнен қосталар.

Отбасым мыналар,

Ең жақын адамдар!

### III кезең: рефлексиялық-түзетушілік

#### Педагог жетекшілігімен жүргізілетін ойын: « Еркелетіп айт...»

- Жан- жаным, құлын- құлыным, алтын- алтыным, бала- балапаным, күн- күнім.

#### Қорытынды:

- Жанұяларыңа қандай көмек бересіңдер?
- Отбасы мүшелерін қалай еркелетіп айтуға болады?